

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті»
КеАҚ басқарма төрағасы - ректор






 А.М. Наметов

« 23 » 04 2018 ж.

**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ
ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ИНЖЕНЕРІНІҢ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.151**

№ 04 басылым

№ ____ дана

Дайындалды: 16.06.2018 ж. Аянов Д.М. 	Келісілді: 21.02.2018 ж. Таубаев Ө.Б.  Тагаев О.О.  Таршилова Л. С.  Ерболатқызы Т. 	Енгізілді: 23.04.2018 ж. Орнына: СМЖ.05.ЛН.151 02.06.2016ж Қайта қаралуы: 23.04.2018 ж.
---	--	--

Мазмұны:

1. Тағайындалуы
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер

№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әжесінің аты,	Қолы

1. Тағайындалуы

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Азаматтық қорғау туралы» Заңы негізінде дайындалынды.

2. Қолдану саласы

Осы нұсқаулық Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі (бұдан әрі- ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ) инженеріне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженерінің лауазымдық міндеттері:

3.1.1. Еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің ұйым бөлімшелерінде сақталуына бақылау жасау;

3.1.2. Жұмыс орындарындағы өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шараларының жоспарын әзірлеу, қауіпті және зиянды өндіріс факторлардың әсерінен қорғау мақсатында ұсыныстар жасау;

3.1.3. Ғимараттардың, машина мен механизмдердің өрт қауіпсіздігі жағдайын зерттеу, құрал – жабдық, машина мен механизмдердің жағдайларын тексеру жұмыстарына қатысу, тұрғын жайлардың өрт қауіпсіздігі жағдайларын бақылау, олардың өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін анықтап, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайда ақаулы машиналардың, жабдықтардың жұмыс істеуін тоқтату үшін іс-шаралар қабылдау;

3.1.4. Ғимараттардың және университеттің басқа да нысандарындағы өрт дабылдарының, өрт сөндіру құралдарының дұрыс пайдалануын бақылау, өрт қауіпсіздігі жағдайларын тексеріп, өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда бөлімдердің жетекшілеріне (факультет, зертхана, шеберхана, жатақхана, қойма) кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар беру;

3.1.5. Өз лауазымы шегінде сапа менеджменті жүйесінің құжаттық және құрылымдық жоспарын қамтамасыз ету;

3.1.6. Өртке қарсы қауіпсіздік жөнінде қызметкерлерге нұсқаулар беруді, оқытуды және білімдерін тексеруді ұйымдастыру. Ұйымның бөлімшелерінде нұсқаулықтарды қайта қарау кезінде, өртке қарсы қауіпсіздік жөнінде әдістемелік көмек беру;

3.1.8. Номенклатураға байланысты бекітілген іс – қағаздарды сапалы жүргізу;

3.1.9. Университет бөлімдерінде өрт қауіпсіздігі бойынша оқытулар өткізу;

3.1.10. Өз қызметі барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу;

3.1.11. Өрт қауіпсіздігін бақылаушы органдармен тығыз қатынаста болу;

3.1.12. Барлық нысандардың өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3.1.13. Жауапты қызметкерлерді өрт сөндіру құралдарын пайдалана білуді және өрт жағдайында қызметкерлер мен білім алушыларды ғимараттардан қауіпсіз жерге шығару талаптарына үйрету;

3.3.14. Өндірістік жабдықтар мен технологиялық процесстерді, қауіпсіздік техникасын сақтау құрал-жабдықтарын неғұрлым қауіпсіз турлерімен ауыстыру арқылы жұмыс орынында кез келген тәуекелдікті болғызбау шараларын қабылдау;

3.1.15. Жұмысқа жаңадан қабылданған, іссапардағы қызметкерлерге, өндірістік оқуға немесе практикаға келген білім алушыларды техника қауіпсіздігі, еңбек қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі кіріспе нұсқаулар жүргізу;

3.1.16. Университет бөлімшелеріне қызметкерлердің міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс болатын кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ қолданып жүрген заңнама негізінде қызметкерлерге ауыр, зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайлары үшін өтемақылар және жеңілдіктер берілуі тиіс кәсіптер мен лауазымдардың тізімін жасауға, еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарды, қауіпсіз еңбек стандарттары жүйесінің ұйымға арналған стандарттарын әзірлеу және қайта қарау кезінде, еңбек қорғау жөніндегі қызметкерлерге нұсқаулар беруді, оқытуды және білімдерін тексеруді ұйымдастыру жөнінде әдістемелік көмек беру;

3.1.17. Қауіпті технологиялық процестерді іске асыру, биікте жұмыстар жасау барысында қауіпсіздік техникасың қатан сақталуын талап ету;

3.1.18. Өндірісте жазатайым оқиғалардың орын алмауына, қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде денсаулығына зиян келмеуіне бағытталған іс-шаралар жүйесін қабылдау ;

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері лауазымға басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;

3.2.2. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері өзінің қызметі бойынша өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің директорына бағынады.

3.3. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері:

3.3.2. ҚР «Еңбек кодексін», ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңын, Жарғыны, университеттің ішкі ережелерін және өз қызметі бойынша университет ішілік құжаттарды;

3.3.3. Өзінің өкілеттілігі шеңберінде СМЖ құжаттарын;

3.3.4. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;

3.3.5. Лауазымдық нұсқаулығын білуі қажет.

3.4. Біліктілік талаптар:

3.4.1. Жоғары кәсіби (техникалық) білімінің болуы және мамандық бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы;

3.4.3. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі жөнінде барлық сұрақтарға толық көлемді жауап бере алатындай біліктілігі, ұйымдастырушылық, жауапкершілік, талап қоя білу, шапшаң шешім қабылдай білу қасиеттерінің болуы, адамдармен тіл табыса алуы;

3.4.4. Өзінің біліктілігін үздіксіз арттырып отыруы қажет.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі.

4.1. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері:

4.1.1. Лауазымдық міндеттерін атқармағаны үшін ҚР «Еңбек кодексі» шегінде жеке жауапты болады;

4.1.2. Өзінің қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғаны үшін ҚР әкімшілік, азаматтық және қылмыстық кодекстерінде көрсетілген нормалар шегінде жеке жауапты болады.

4.2. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері;

4.2.1. Университеттің құрылымдық бөлімдерімен өзінің атқаратын қызмет шеңберінде тығыз қарым-қатынас орнатуға;

4.2.2. Университеттің басқа бөлімшелеріне еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқамалар беруге **өкілетті**.

4.3. ЕҚ, ҚТ ж/е ӨҚ инженері:

4.3.1. Өз лауазымдық міндетін атқару үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. Біліктілік деңгейін көтеруге;

4.3.3. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін бөлімдердің жетекшілер мен мамандардан қажетті мәліметтерді, құжаттарды сұратуға;

4.3.4. Жылына 30 күнтізбелі күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.5. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.6. Қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан марапатталуға;

4.3.7. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша заңнамалық және өзгеде нормативтік актілер бұзылған жағдайда лауазымды тұлғалар мен басқа да жауапты қызметкерлерге міндетті түрде орындау үшін жазбаша нұсқама беруге құқылы.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015ж № 414-V

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңы 11.04.2014ж № 188-V

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 11.07.1997 ж № 151

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11.2015 ж № 410-V

ҚР СТ ИСО 9001-2011 Менеджменттік сапа жүйесі талаптары

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 21.05.2012ж № 201-ө-м бұйрығы
«Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы

СМЖ 07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережелері

Жоғары оқу орындарының ішкі нормалық құжаттары